

"Астана қаласына 2010 жылы республикалық бюджеттен тұрғын үй құрылысына берілген бюджеттік кредиттерді қайта құрылымдау туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2013 жылғы 24 мамырдағы № 514 қаулысына өзгеріс енгізу туралы

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2014 жылғы 27 маусымдағы № 714 қаулысы

Қазақстан Республикасының Үкіметі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. «Астана қаласына 2010 жылы республикалық бюджеттен тұрғын үй құрылысына берілген бюджеттік кредиттерді қайта құрылымдау туралы» Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2013 жылғы 24 мамырдағы № 514 қаулысына мынадай өзгеріс енгізілсін:

1-тармақтың бірінші абзацындағы «2010 жылғы 7 желтоқсандағы» деген сөздер «2009 жылғы 7 желтоқсандағы» деген сөздермен ауыстырылсын.

2. Осы қаулы қол қойылған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

	<i>Қ а з а қ с т а н</i>	<i>Р е с п у б л и к а с ы н ы ң</i>
<i>Премьер-Министрі</i>	<i>К. Мәсімов</i>	